



## ҚАЗҰУ БАСШЫЛЫҒЫНА ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына университеттің жаңа басшысы Жансейіт Түймебаевты таныстырды.

Жоғары оқу орны ұжымы алдында сөз сөйлеген министр конкурстық негізде Республикалық комиссия «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректоры лауазымына Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевты тағайындауға ұсыныс білдіргенін хабарлады.

Жаңа ректорды таныстырған министр Жансейіт Қансейітұлының филология ғылымдарының докторы, профессор, университет түлегі басшылық қызметте тәжірибесі мол екендігін, әр жылдары ҚР Білім және ғылым министрі, елші, облыс әкімі, соңғы уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары

– ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі болғанын атап өтті.

Асхат Аймағамбетов жаңа ректордың жұмысына табыс тілеп, университет алдағы уақытта да қарқынды дамып, жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыра түсетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев еліміздің жетекші университетін басқару үлкен құрмет пен сенім әрі жауапкершілік екеніне тоқталды. Ең бірінші кезекте білім беру сапасына және оқытушылардың жалақысын арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға, білім алушылар үшін қолайлы жағдай жасау мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге басымдық берілетінін жеткізді. Зерттеу қызметін дамыту, ғылыми әзірлемелерді нақты өндіріске енгізу маңызды міндет болып табылатынына да басымдық берді.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев бүгін оқу ордасындағы барлық қызметкерлердің жалақысын 20 пайызға өсіру туралы бұйрыққа қол қойды.

## ҚАЗҰУ-ДА ЖАЛАҚЫ 20 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Үкіметке жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыру мәселесін қарауды тапсырған болатын.

Осыған сәйкес, ҚазҰУ Басқарма төрағасы-ректор қызметіне кіріскен Жансейіт Түймебаев шұғыл шешуді талап ететін бірінші кезектегі мәселе ретінде оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысын көтеруді қарастырып, барлық қызметкердің жалақысын 20 пайызға көтеру туралы жедел шешім қабылдады.

Бұл шара қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға және олардың әл-ауқатын жақсартуға, сондай-ақ оқытушы мамандығының беделін арттыруға бағытталған.

Өз тілшімізден

## РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ВЕТЕРАНАМИ

Председатель правления-ректор КазНУ им. аль-Фараби Жансейит Туймебаев провел встречу с ветеранами университета, в ходе которой были обсуждены актуальные вопросы развития вуза.

Тепло приветствуя участников встречи, Жансейит Туймебаев отметил, что с КазНУ его связывают замечательные годы студенчества, на филологическом факультете он получил образование и профессиональную путевку в жизнь. Здесь он начал путь становления как ученого и рад снова вернуться в родной коллектив.

Ректор подчеркнул, что, возглавив ведущий университет страны, он чувствует особую ответственность за его судьбу и дальнейшее развитие. В качестве приоритетных направлений он назвал: повышение качества образования, социальную поддержку преподавателей, развитие инфраструктуры, расширение международного сотрудничества,

внедрение научных разработок ученых в реальное производство.

По словам ректора, главной ценностью КазНУ являются его преподаватели и ученые, которые обучают и воспитывают молодое поколение и своим трудом вносят реальный вклад в развитие страны. Задача руководства и административного состава заключается в повышении благосостояния сотрудников и создании необходимых комфортных условий для их работы.

Следует отметить, что, выполняя поручение Президента страны К. Токаева, ректор Ж. Туймебаев одним из первых приказов повысил заработную плату всем работникам университета на 20 процентов. Также он проинформировал ветеранов о том, что более 2 тыс. преподавателей и сотрудников нуждаются в жилье, в связи с чем он встретился с акимом Алматы и руководством ряда банков для поиска путей решения этого насущного вопроса.

Продолжение на 2 стр.

«100 жаңа оқулық»  
ЖОБАСЫНЫҢ  
МАҢЫЗЫ НЕДЕ?




3-бет

ПОЛОТНО  
КУЛЬТУР



4-стр.

МҰҚАҒАЛИ  
АПТАЛЫҒЫ



8-бет



# РЕКТОР ВСТРЕТИЛСЯ С ВЕТЕРАНАМИ

Продолжение. Начало на 1 стр.



Старейшие преподаватели университета, профессора и академики тепло поприветствовали Жансеита Кансеитовича, выразили надежду на то, что под его началом КазНУ получит новый импульс развития, упрочит статус ведущего вуза страны и займет достойное место в мировом научно-образовательном сообществе.

«К нам пришел не просто ректор, а большой ученый, который занимается тюркологией – очень важной и сложной областью лингвистики, – отметила профессор Элеонора Сулейменова. – Сегодня собрались ветераны КазНУ. Все волнуются, болеют за наш университет. У нас замечательные педагоги! Главное – мы уверены в блестящих перспективах университета под вашим началом».

В ходе встречи участники говорили о наболевшем, проблемах и вопросах, требующих решения, выступали с конкретными предложениями, касающимися усовершенствования учебного процесса, развития научно-исследовательской деятельности, обеспечения лабораторий и научных центров современным оборудованием, привлечения иностранных студентов и создания для этого необходимых условий,

поддержки молодых ученых и другие. «Вы являетесь «золотым фондом» КазНУ, мы гордимся и ценим вас. Я жду от каждого из вас предложений по усовершенствованию работы в вузе и возможные пути решения вопросов. Мои двери всегда открыты для вас! Эта встреча первая, но не последняя, мы будем периодически собираться и вместе обсуждать проблемы. Единой командой мы добьемся многого,



настоящего обновления и преобразования университета», – отметил, обращаясь к ветеранам, ректор.

В завершении мероприятия ректор поблагодарил участников встречи за то, что проявили неравнодушие, откликнувшись на приглашение, и выразили готовность активно содействовать развитию университета.

**Соб. корр.**



## ҒЫЛЫМНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖОЛЫНДА

«Әйел-ана». Жарық жалғанда кез келген адам баласына осы сөзден артық, осы сөзден ыстық сөз жоқ шығар. Дүниенің нұры, өмірдің гүлі, қызықтың қызығы – ананың қолында.

Қазақ тарихында дана, ақылына көркі сай, ержүрек ғалым аруларымыз көп болған. Бүгін де солардың ізін жалғастырып жүрген батыр-ғалым аналар да «қарусыз майдан» ғылым-білім жолында «инемен құдық қазғандай» тер төгіп, сол көштің ауыр жүгін ақалап жүр. Өзіміз ұстаздық қызмет атқарып жүрген химия және химиялық технология факультетінің өзінде бүгінгі күні 133 ғалым-әйел қауымы қызмет атқарады. Оның барлығының ғылыми дәрежесі бар.

Ғылымға қайталанбас қолтаңбасымен келген, бір ісі өзгелерден артық болған білікті ғалым, басшы – аналар да жетерлік. Атап айтсақ, х.ғ.д., профессор Р.Н. Матакова, х.ғ.д., профессор Б.Д. Буркитбаева, х.ғ.д., профессор Г.Е. Жусупова, х.ғ.д., профессор С.М. Тәжібаева, п.ғ.д., профессор Г.С. Минажева, х.ғ.к., доцент А.А. Мұсабекова, х.ғ.д., профессор А.К. Баешова, х.ғ.д., профессор Ж.Б. Оспанова, х.ғ.д., профессор Г.Ш. Бурашева, х.ғ.к., доцент Г.Л. Бадавамова, г.ғ.д., профессор С.М. Романова, х.ғ.д., профессор Р.Г. Абдулкаримова және т.б. Химия ғылымының дамуына қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз әрдайым ақтала берсін

дейміз. Бүгінгі күнге жеткізген әйел-ана құдіретін жырмен өрнектеп, әнмен әлпештеп, сөзбен айтып тауысу мүмкін емес.

Әйелдер мен қыздарды ғылымға тарту ісінде айтарлықтай табыстарға жеткен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің ғалым ұстаздарын атап өтуге болады. Факультетте ғылыммен шұғылданатын әйелдер мен қыздар 55%-ды құрайтынына қарамастан, олар мемлекетпен қаржыландыратын үлкен ғылыми жобалардың жетекшісі болып табылады.

Құрметті, ғалым асыл аналар, ару қыздар, Сіздерді келе жеткен ғылымдағы халықаралық әйелдер мен қыздар күнімен құттықтаймыз! Барлық тіршіліктің бастауы, қайнар көзі – аналар, арулар, қыздар. Бүгінгі мерекеде сіздерге зор денсаулық, жүздеріңізге күлкі, шаттық, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілейміз, ғылымның өркендеуіне өз үлестеріңізді қоса беріңіздер!

**Лейла КҮДІРЕЕВА,**  
химия және химиялық технология  
деканының орынбасары, х.ғ.к.

### ■ QYSQA-NUSQA

**Филология және әлем тилдері факультетінің 2 кырс стýдентерінің ұйымдастыруымен Ғ.Мұсірепов атындағы Жастар мен балалар театрының актiрi Асет Иманғалимен «Тiл-тирегiмiз, кóкiрегiмiз jүрегiмiз» атты кездесý өттi.**

2 кырс стýдентерi Zoom платформасында ұйымдастырған «Тiл-тирегiмiз, кóкiрегiмiз jүрегiмiз» атты кездесýге Ғ.Мұсірепов атындағы Жастар мен балалар театрының актiрi, «Дарын» сылығының лауреаты, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының оқытýшысы Асет Иманғали шақырылды. Асет Иманғали Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында «Саһна тiлi» пáninen дáрис беретiндiктен, болшақ маман iлерiнiң сóзdi дұрыс қолданý, áйезdi сóлеý normalарына қатысты óзiндiк оларын ортаға салып, ақындар шýғармашылығынан óлеңдер оқыды. Стýденттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берdi. Кездесýге қатысқан стýденттер театр актiрiне óздерiн ойландыратын сұрақтар қойып, тiл тýрлы óлеңдер оқыды. Асет Иманғали стýденттерге алғыс айтп, сáтилик тiледi.

\*\*\*

**QazUÝ-dың aqqараттық tehnologialar fakúltетiнiң jasandy intellekt және Big Data kafedrasynyñ aға oqytýshыsы Murat Qunelbaev Cogent Engineering (Q2, Taylor&Francis, Ulybrıtania) jýrnalynyñ sheshimi boıynsha «Úzdik resenzent – 2020» atағын ielendi.**

Cogent Engineering, Q2 bedeldi sheteldik basylymynyñ nusqasy boıynsha «Úzdik resenzent – 2020» nominasiyasynyñ jeńimpazy Murat Qunelbaev Finlandiada ótken inovasialar boıynsha bedeldi halyqaralyq baiqayında kózge tústi.

QR BGM Aqqарatтық және esepтеý tehnologialary instıtýtynyñ aға ғылыми qызmetshisi Murat Qunelbaev «Kómirtekti betarapтық salasyndaғы sıklık ekonomika және movasialar» nominasiyasında «Termosifondyq analyzny bar eki kontýrly kún qondyrғыsы» taqyryby boıynsha halyqaralyq finalist atandy. Atalған sharaға álemniñ 15 elinen kelgen innovatorlar qatysyp, bylғы baiqay onlam rejimde ótti.

\*\*\*

**Ál-Farabi atyndaғы QazUÝ matematika және mehanika ғылыми-zertтеý instıtýtynyñ jetekshі ғылыми qызmetkeri, PhD doktory, mehanika kafedrasynyñ dosenti Beláev Erjan Kelesuly, saraptama komisiyasynyñ baғalaý nátiјeleri boıynsha ál-Farabi atyndaғы QazUÝ-dыñ «Postdok» ғылыми grantтары baiqayynyñ jeńimpazy atandy.**

Ál-Farabi atyndaғы QazUÝ - bul postdoktorlyq baғdarlamany ashqan Qazaqstandaғы alғashыq ýniversitet. Bul maңызdy qadam ýniversiteti ári qarai álemdik deńgeidegi ozyq zertтеý ýniversitetine analdyrғыға және álemdik ғылыми және bilim berý qoғamdastyғыndaғы qazaqstandyq ғылымnyñ básekege qabilettiligin arttyrғыға baғыttalған. <https://www.kaznu.kz/ru/19427/page/>

Konkýrstyñ jeńimpazy, PhD Erjan Kelesuly Beláev jańartylatyn energiya kózderi salasyndaғы ғылыми-zertтеý jumystarymen belsendi analysyp júrgen jas ғалым, mehanika kafedrasynyñ túlegi.

Onyñ postdoktorantýradaғы negizgi maqsaty - jańartylatyn energetika tehnologialary, atap atqanda, kún jyly energiasy, jyly sorғыsы tehnologialary, tushshylandyry qondyrғылары salasyndaғы ғылыми zertтеýler boıynsha kúsheitilgen және tereńdetilgen ғылыми zertтеý jumystarymen analysý. Zertтеý nátiјeleriniñ impakt-factory joғary reititnik jýrnaldarda jarialay sapasyn arttyry, doktorantтар мен magistrantтарды daıarlaý, osy salada zerthana ashý, birlесken ғылыми jobalardy júzege asyry arqyly halyqaralyq yntymaqtastyqты nyғaitý. Ár túrli múddeli taraptardy (JOO, biznes, ministrlikter men vedomstvolar, qaýymdastyqtar және t.b.) tarta otyryp, páнарalық tásilди engizý boıynsha qarqынды jumys júrgizý. Ári qarai komersialandyry úshin jańartylatyn energiya tehnologialaryn izdestirý, tehnikalyq-ekonomikalық negizdeýler júrgizý және naryqqa sholý jasaý. Reitinі bar analitikalық sholýshylarda ғылыми maqalalary jarialay. Kompýterlik algoritmdar мен lisenzialанған baғdarlamalyq jasaqtamany qoldana otyryp, JEK jútelерindegi fizikalық prosesterdi matematikalық және sandyq modeldeý, nátiјeleerin patentteý, standarttaý және sertifikattaý.

**Председатель правления-ректор КазНУ Ж. Туймебаев повысил заработную плату всем работникам университета на 20 %**



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде ZOOM платформасы арқылы қазақ филологиясы бөлімі 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен «100 жаңа оқулық» жобасының маңызы неде?» тақырыбында кураторлық сабақ өткізілді.**

Сабақта магистранттар ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамашы болған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «100 жаңа оқулық» жобасы туралы кеңінен сөз қозғады. Бұл – жастардың дамыған өзге мемлекеттердің білім беру тәжірибесін игеру мақсатында енгізілген жағымды жаңалық екенін тілге тиек ете отырып, соны жан-жақты талқылап, өздерінше ой бөлісті. Тағы бір ерекше атап өтерлігі, «100 жаңа оқулық» жобасы арқылы дүниежүзіндегі сапалы оқулықтар ана тілімізге аударылып, жастарға жаңашыл бағытта білім беру жүйесі түзілу керектігін атап айтты. Осы бағыттағы жобаларды қызу қолдайтындықтарын білдірді. Кітаптардың гуманитарлық ғылым саласының барлық бағыттары негізінде жасалғанына да көңіл аударды. ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының күш салуымен, жігерлі де жүйелі жұмыстарының арқасында қазақ қауымына керек оқулықтар әзірленді. Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынұлы тәрізді көздері ашық азаматтар бас болып, сол заман жастарына қажетті оқулықтар жазды, құрастырды. Ал академик Қаныш Сәтбаев алгебра оқулығын түзді. Ұлтымыздың қанша буыны соның пайдасын көріп, рухани жағынан өсіп-жетілді. Ол құнды еңбектер бүгін де құндылығын жойған жоқ. Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен



дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтқан болатын. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырған. Бұның бәрі өзге елдердің озық тәжірибесін ұтымды пайдаланып, жастардың білім алуына, заман ағымынан қалмауына жол ашу болып табылады.

Сонымен қатар бұл дәрісте «Оқулықтар ұлттық код пен халықтың ғылыми санасына қалай әсер етпек?», «Ғылыми терминдерді қазақ тіліне аударғанда қандай қиындықтар

көлденең тұрады?», «Ғылыми сананы қалыптастыруды қалай түсінесіздер?» секілді күрделі сауалдар төңірегінде де ой-пікірлер айтылды.

Ш. Құрманбайұлы: «Кеңестік кезде, осыған дейінгі аударылған кітаптардың барлығы көркем әдеби стильде екен. Ол әрине, жақсы. Мопассан, Джек Лондонның шығармалары қазақ тілінде сөйледі. Енді гуманитарлық ғылым саласына келсек, қазақ тіліне аударылып жатқан жаңалықтар аз екен. Әлемге кең тараған озық ғылыми еңбектер қазақ тілінде дүниелер некен-саяқ. Ал, дамыған елдер, дамушы елдер озық ғылыми еңбектер мен жаңалықтарды дер кезінде өз тілдеріне аударды. Ғылымның тілі Кеңес кезінде орыс тілі болғандықтан, ғылыми жаңалықтарды көбінесе орыс

тілінде алып жүрдік. Ал, Тәуелсіздіктен кейін философиялық, ғылыми, психологиялық еңбектерді қазақ тіліне аудару қойдық деп айта алмаймыз. Қазір әр адам өзінің баласын жақсы маман болғанын қалайды. Ал, маман болу үшін ғылымға бет құру қажет. 100 жыл бұрынғы ғылыми еңбектерді оқып, қазір ешкім жақсы маман бола алмайды. «Рухани жаңғыру» бойынша аударылған кітаптардың барлығы жалпы қазақ тілді қоғамға арналған. Қазақ тілінде білім алып жатқан студент, жас мамандар үшін бұл өте маңызды қадам. Бұл оқулықтармен танысқан кез келген адам өзіне қажетті жаңалықты, ақпаратты алатынына күмәніміз жоқ. Әлемнің Кембридж, Оксфорд сынды үздік университеттерінің өзі аталмыш кітаптарды жай оқытып жатқан жоқ. Бұл өте қажетті оқулықтар» – деген Ш. Құрманбайұлының пікірін де магистранттарымыз қызу қолдады.

«Жүз жаңа оқулық» жобасы аясында көптеген сапалы оқулықтар қазақ тіліне аударылды. Әрине, «біткен іске сыншы көп» дегендей, олардың аударылу сапасы туралы әркім әртүрлі пікірлер айтып жүр. Десекте, біраз шаруаның басы қайырылғаны анық. Жиналғандар бұл туралы да өз ойларын ортаға салды. Көпшілігі бұл жоба туралы жағымды ой-пікірлер айтты. Бұл оқулықтардың жас ұрпақтың таным көкжиегін кеңейтіп, білім деңгейін көтеріп, ғылымымыздың дамуына үлкен септігін тигізеріне сенеміз.

**Шайгүл РАМАЗАНОВА,**  
филология ғылымдарының кандидаты

**Самал РАМАЗАНОВА,**  
аға оқытушы

## ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚ

**ҚазҰУ түлектері қоғам мен саясат ісінен ешқашан тыс қалмаған белсенді жастар. Олардың бірі жуырда ғана «Қазақстандық ең жас депутат» атанған 25 жастағы ҚазҰУ бітірушісі Мәди Ахметов. Ол еліміздегі өзекті мәселелерді, сонымен қатар «тым жас» деген стереотипті жойып, жастарды қолдау мәселесін алға тартады.**

Өткен ғасырдың 34-жылынан бері университет қабырғасында жоғары кәсіби деңгейдегі ұстаздар қауымы жұмыс істеп келеді. Ұстаздардың кәсіби және шет тілін білу шеберліктері, тіпті шетел студенттерін де еш қиындықсыз сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ҚазҰУ Қазақстанның түрлі инновациялық-ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған лабораториялармен жабдықталған заманауи, ғылыми орталығы болып табылады.

Қазақстандағы білім сапасы жағынан нөмірі бірінші орынды иеленген ҚазҰУ, 180-нен астам мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырып отыр. ҚазҰУ әлемнің 418 халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орындарымен келісім шартқа ие бола отырып, өз студенттеріне осы елдерде тағылымнамадан өтуге мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-да тегін жоғары білімнен бастап, білімді жастарға арналған барлық мүмкіндіктер бар. Еліміздің экономикасын алға жылжытып, Қазақстанды әлемнің «Дамыған 30 елінің» қатарына қосатын жастардың басым бөлігі ҚазҰУ-дан шығатыны сөзсіз. Ыбырай Алтынсаринның «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар» өлең шумақтары нақ осы ҚазҰУ-дың жастарына айтылғандай. Оқысаңыз, балалар, ҚазҰУ-дың сізге берер мүмкіндіктері шексіз!

**Н. ЭРКИНОВА,**  
1-курс магистранты

**Л.М. ШАЙКЕНОВА,**  
филология ғылымдарының докторы

**Қоршаған ортаны қорғау, экологияны жақсарту – адамзаттың өзі үшін жасаған жақсылығы. Өйткені, біздің тыныстап отырған ауамыз, ішкен суымыз, тұтынған азық-түлігіміз, бәрі-бәрі біздің қоршаған ортамен байланысты. Сондықтан табиғат анаға қамқорлықпен қарап, залалымызды келтірмегеніміз өзімізге тиімді.**

## УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жасыратыны жоқ, әлем бойынша экологиялық дағдарыс үстіндеміз. Ірі зауыт-фабрикалар, кәсіпорындар, жылыту ошақтары және көлік құралдары жыл сайын қаншама улы, уытты заттарды бөліп шығаруда. Қоқыс қалдықтарының да жыл санап артып, олардың басым көпшілігі өзен-көлдерімізді, теңіз, мұхиттарымызды ластап жатыр. Сондықтан, бұл өте алаңдатарлық мәселе. Бүгінде елімізде де экологиялық мәселе қатты алаңдатып отыр. Қалаларымызда ауа сапасы өте нашар. Ластанған ауаның салдарынан түрлі аурулар пайда болып отыр. Ал бұл мәселені бүгіннен шешпесек, залалы орасан зор болмақ.

Күні кеше ғана Мемлекет басшысы үкіметтің кеңейтілген отырысында осы экология мәселесіне қатысты нақты тапсырмалар айтты. Президент баяндамасында: «Үкіметке 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасын әзірлеуді тапсырамын. Әсіресе, қоршаған ортаны қорғау

ісіне қажетті барлық көрсеткіштерді цифрландыру – маңызды міндеттердің бірі», – деді. Демек, экология мәселесі Үкімет пен қоғамның ұдайы бақылауында болады деген сөз.

Естеріңізде болса, президент өткен жылдан бастап, экологияға қатысты үлкен істерді бастап кетті. Әсіресе, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша маңызды тапсырмаларды ұсынған еді. Нәтижесінде, табиғатқа зиян келтіріп, қоршаған ортаны ластағандарға айыппұл көлемін арттыруды және еліміздегі мектептерде экология пәнін енгізу тапсырылып, жұмыс басталып кетті. Бұл біздің қоғам үшін өте өзекті мәселе. Демек, экологиялық мәдениет қалыптастыру – уақыт талабы. Оны ертең, я арғы күні бастау кеш, бүгіннен бастау қажет.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
философия кафедрасының оқытушысы, PhD докторы




**На факультете востоковедения КазНУ имени аль-Фараби прошла офлайн/онлайн-презентация книги «Полотно культуры», организованная совместно с Посольством Республики Индии в Республике Казахстан и Индийским культурным центром имени С. Вивекананды (г. Нур-Султан).**

На мероприятии выступили: чрезвычайный и полномочный посол Республики Индия в РК г-н Прабхат Кумар, представитель ЮНЕСКО в Казахстане, Кыргызской Республике и Таджикистане г-жа Криста Пиккат, директор Индийского культурного центра им. С. Вивекананды в г. Нур-Султан PhD д-р Санджай Гарг, зам. декана по международным вопросам факультета востоковедения д-р К. Габдуллин.

В приветственных речах г-на Прабхата Кумара и Кристи Пиккат была отмечена значимость книги «Полотно культуры» для продвижения диалога культур и взаимодействия в мире, в частности, между Центральной Азией и Индией. При этом наследие Махатмы Ганди, 150-летний юбилей которого широко отмечался во всем мире в 2019-2020 гг., является важным вкладом в поддержание мира, устойчивого развития.

Научные редакторы данного сборника – д.и.н., ассоц. профессор факультета востоковедения Лаура Ерекешева и проректор Института истории искусств, консервации и музеологии Национального музея Индии профессор Анупа Панде – рассказали о содержании, тематике представленной публикации, научных статьях, подготовленных казахстанскими и индийскими исследователями по итогам проведения в 2018 г. Фестиваля культуры (международной конференции, выставки артефактов и фотоз экспозиции) на тему «Искусство прядения как образ жизни».



В мероприятии приняли участие известные ученые, ведущие исследователи из Индии, России, Казахстана, в частности, проф. Абсаттар хаджи Дербисали, проф. Сушмита Панде, проф. Клара Хафизова, проф. Мариэтта Степанянц, проф. Рисалят Каримова, проф. Чимиза Ламажаа, д-р Лаура Турарбек, д-р Гульнар Жуваниязова, д-р Наталья Баженова, Людмила Глущенко, преподаватели, а также докторанты, магистранты, студенты факультета востоковедения, факультета философии, политологии, религиоведения КазНУ им. аль-Фараби и других казахстанских и зарубежных вузов.

**О ЕДИНОМ КУЛЬТУРНОМ И ДУХОВНОМ НАСЛЕДИИ**

Участовавшие в презентации исследователи кратко рассказали о содержании своих работ, а также поделились своими

впечатлениями о статьях и темах исследований.

Абсаттар Дербисали кратко представил результаты своих поисков и находок. На основе сведений из средневековых арабских, персидских и индийских письменных источников он рассказал о судьбах мыслителей, ученых и религиозных деятелей, родившихся с X по XVIII века в г. Йасы (современный Туркестан), но всю свою сознательную жизнь проведших в Индии, в частности, в Кашмире.

Сушмита Панде сделала акцент на едином культурном и духовном наследии, существовавшем между Центральной Азией и Индией задолго до «официального» начала функционирования Великого Шелкового пути, который относят к периоду династии Хан (2 век до н.э.). Как отметила исследователь, проводником данного взаимодействия являлся буддизм,

который распространился из Индии через Афганистан до Тохаристана и Согдианы.

В рамках презентации книги также была организована фотовыставка иллюстраций, использованных в сборнике, большинство из которых являются авторскими работами, впервые показанными в открытом доступе.

Книга «Полотно культуры» – совместный казахстанско-индийский проект, подготовленный в рамках 150-летнего юбилея Махатмы Ганди. В сборнике статей рассматриваются вопросы взаимодействия и переплетения культур народов Центральной Азии и Индии на примере различных аспектов истории, культуры, религии, искусства, философии.

Используя метафору полотна и нитей, ставшую главным лейтмотивом, в книге предпринимается попытка отобразить и представить данное взаимодействие через научные исследования и размышления, отражающие девиз ЮНЕСКО – «Все мы разные, все мы одинаковые».

Авторы статей – исследователи из Казахстана и Индии – вводят в научный оборот ряд ранее неизвестных или малоизученных аспектов данного взаимодействия. Сборник был подготовлен на основе выступлений участников международной конференции, посвященной 150-летию М.К. Ганди, организованной Казахстанско-Индийским Фондом в ноябре 2018 г. в г. Алматы.

Книга богато иллюстрирована, несомненно, будет полезна специалистам в области истории, культуры, религиоведения, искусства, философии Казахстана, Центральной Азии, Индии, преподавателям, студентам, и всем интересующимся.

**Соб. корр.**

**ҚазҰУ – Қазақстанның жетекші ұлттық университеті. Ағымдағы жылдың қаңтар айында ЖОО-ның 87 жылдық мерейтойы аталып өтті, бұл оның халықаралық бәсекеге қабілеттілік деңгейін, заманауи отандық және жаһандық экономика талаптарына сәйкестігін көрсетуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда ҚазҰУ тек ҚР мен ТМД жоғары оқу орындары арасында ғана емес, халықаралық рейтингтерде де жетекші орынға ие.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзі қатысатын барлық рейтингтерде өз позициясын жақсартып келеді. Университет ұлттық рейтингтің көшбасшысы болып табылады. ҚазҰУ өте беделді QS халықаралық рейтингінде қарқынды көтерілуде. Біз – әлемнің 800 үздік ЖОО арасында 299-шы орынға ие болып, топ 300-ге кірген Орталық Азия мен Қазақстанның алғашқы университетіміз. ТМД елдерінің ішінде ҚазҰУ бұл рейтингте үшінші орында.

Егер университетте жүргізіліп жатқан мақсатты саясат болмаса, бұл жетістік болмас еді. Біз соңғы бірнеше жылда кластерлік тәсіл негізінде университет құрылымын жетілдірдік және оңтайландырдық. Кластерлік

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЭЛИТАСЫ**

тәсіл – бұл әлемдік тәсіл. Факультеттер, кафедралар оңтайландырылды, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді, оқытушылардың жетістіктерін рейтингтік бағалау енгізілді, соның негізінде олар жеке кәсіби жетістіктері үшін материалдық және моральдық ынталандырылады. Ғылыми-инновациялық зерттеулерді дамыту тұрғысынан көп нәрсе жасалуда. Біздің университетте Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарында теңдесі жоқ ғылыми-зерттеу құрылымы бар. Мысалы, профессорлардың ғылыми нәтижелерін іске асыруға, коммерцияландыруға дейін жеткізуге қажетті саты құрағын қуатты ғылыми-технологиялық парк жұмыс істейді. Сондай-ақ, ҚазҰУ орналастырылған мемлекеттік білім беру тапсырысының (оқуға арналған гранттар) саны бойынша көшбасшы екенін атап өткен жөн. Университетте мемлекеттік білім беру гранттарына қосымша жыл сайын ректордың гранттары беріледі. ҚазҰУ-да ақылы оқуға жеңілдіктер мен жеңілдіктердің икемді жүйесі бар.

Біз студентті оқыту, тұру, бос уақытын жақсарту тұрғысынан қолдау

үшін көп нәрсе жасаймыз. Басқа жоғары оқу орындарында баламасы жоқ студенттерге қызмет көрсету орталығы жұмыс жасайды. Студенттерге қызмет көрсету орталығы жаңа тәсіл негізінде студенттерге "бір терезе" қағидаты бойынша сапалы әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған. Студенттің мәртебесі біздің ұжым мақсатты түрде қол жеткізген жетістіктермен, табыстармен байланысты өзгереді.

ҚазҰУ қабырғасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының шетелдік профессорлары дәріс оқиды. Олардың барлығын біздің университет әрдайым таңдандырады және олар біздің кампусты жақсы көреді. ҚазҰУ студенттік қалашығының Қазақстанда теңдесі жоқ. ТМД елдерінде мұндай студенттік қалашықтар көп емес. Біздің қалашығымыздың эстетикалық көрінісі, заманауи оқу корпусы, ҚазҰУ студенттерінің жалпы мәдениеті – осының барлығы әсерлі. Олар көптеген студенттік ұйымдардың белсенділігін және студенттік өзін-өзі басқарудың өте жоғары дамығанын атап өтті. Өйткені, біздің университеттің көптеген

ұйымдары әлеуметтік серіктестік негізінде белгілі бір мәселелерді шешу үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Мысал ретінде студенттік құқық қорғау отрядтарын атап өткен жөн. Қаланың аумағы үлкен, сондықтан заңдылықты сақтау оңай емес. Әрине, университеттің қауіпсіздік қызметі бар, бірақ бұл отрядтар ҚазҰУ аумағында тәртіпті қамтамасыз етуге үлкен көмек көрсетеді.

ҚазҰУ түлектері жұмысқа орналастыру нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікке ие екеніне сенімдімін. Мұны тәжірибе дәлелдейді. Егер университет түлектерінің тізімін қарайтын болсақ, онда көптеген жоғары лауазымды тұлғаларды, қазақстандық қоғамның элитасын табамыз. Бұл – министрлер, депутаттар, түрлі деңгейдегі әкімдер, Қазақстанның көптеген университеттерінің ректорлары, еліміздегі және шетелдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен банктердің басшылары.

**Ж.С. МҰХАМЕТЖАНОВА,**  
*«Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы*

**Филология және әлем тілдері факультетінде филология ғылымдарының докторы Нұрсұлу Шаймерденованың «Глоссалар мен мәтіндердегі сөздердің тарихы» тақырыбында профессорлық сағаты өтті**



**Биыл жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың ұстазы, өз заманында ерлігімен елге танылып, қазақ жерін азат еткен батыр, кеңесші, ұйымдастырушы, шешен Ер Сарыбай би Айдосұлының туғанына 200 жыл толып отыр. Осыған орай ҚазҰУ-да республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына елімізге танымал ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, Сарыбай би Айдосұлының ұрпақтары қатысып, өзара пікір алмасты.**



Олардың қатарында ЮНЕСКО қамқорлығындағы халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, ЮНЕСКО қамқорлығындағы халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директорының орынбасары Айбек Сыдықовтар болды. Шараға Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Ақан Әбдуәлиев, Қазақстан Республикасының Мәжіліс депутаты Серік Ерубәев, Күрес әлемінің Біріккен бюросының мүшесі, UWW Asia президенті, Совет Одағының, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері Дәулет Тұрлыханов, Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» және Ресей федерациясының батыры, ҚР авиация генерал-лейтенанты, техн.ғ.д. Талғат Мұсабаев, ҚР Қорғаныс министрлігі Бас инспекциясының басшысы, генерал-лейтенант Халиков Әмір, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының басшысы, генерал-майор А. Мустабековтер құттықтау хатын жолдады. Ал республикамызға танымал ғалымдар Талас Омарбеков, Ханкелді Әбжанов, Өмірәлі Жалаири, Жанғара Дәдебаев, Темірхан Тебегенов, Берекет Кәрібаев, Меңдігүл Ноғайбаева қатысып, өзара пікір алмасты. Сонымен бірге Сарыбай бидің ұрпағы з.ғ.к., генерал-майор Дамир Халықов та өз естеліктерімен бөлісті.

Сарыбай би Айдосұлы шамамен 1821 жылы Ұзынағаш өзенінің бойындағы Қостөбеде дүниеге келген. Жазушы Сапарғали Бегалин «Жамбыл» атты еңбегінде былай деп жазады: «Айдос – Сарыбайдың әкесі. Бұл кісі Екей бытырағында, Жалайыр ішіндегі Артық батырдың және Сөк төренің ауылына көшіп барған кезде Сарыбай жас болады. Әкесінің қайраты қайтқан, бірге туған

ағалары тек малға ие, жай шаруа болады. Дулаттың боздағына құныкер болып көшіп барған аз ауылға іргелі ел қандай қызыққыш. Неше түрлі зорлық істейді. Артық батыр өзін паналаған қонысын қорғайды. Дегенмен, іргелі елдің үстем сөзі, істеген зорлығы көбейе береді. Жас та болса бұл Сарыбайға бата береді. Жігерлі бала жігіт елін ойлайды. Еліме қайтсам, өз руымның өзімдей жастарымен басымды қоссам деп талаптанады».

Негізінен Сарыбай би Андас датқа, Нарбота би, Сүттібай, Құртқа тәуіп, Медеу, Сұраншы, Саурық батырлармен, қырғыздың Шәбден манабымен, сондай-ақ генерал-губернатор Г. Колпаковскиймен тең дәрежеде араласқандығы аталады. Өз кезінде қоғандықтардың әскери бекіністері

Пішпек, Тоқмақ, Мерке, Сайрам, Шымкент, Ташкентті алуға қатысып, қазақ жерін азат еткен батыр, кеңесші, ұйымдастырушы, шешен ретінде көзге түскен. Сонымен бірге Жетісу өңірі мен қазақ-қырғыз арасындағы үлкен дауларға әділ билік айтқан. Жетісу өлкесінің қоғандықтар езгісінен азат етіп, Ресейге қосылуына ықпал еткен Сарыбай Айдосұлы 1890 жылы көкек айында 69 жасында қайтыс болды. Оның қазасы жөнінде «Дала уалаяты» газеті сол жылы 6 мамырда қайғырып хабар берген және «Сарыбайдың әйелінің жоқтауы» деген Жамбыл шығарған ұзақ жырды жариялаған. Оның асын бір жыл бұрын хабарлап, жиынға Сүйінбай иелік етіп, Жәпек батырдың ұрпағы Қосай шешен басқарғандығы аталады. Жалпы берілген асқа Алты Алаштың игі жақсылары түгел келіп қатысқан.

Ел басына қиын-қыстау заман туып, жан-жақтан қысым туған шақта, елі мен жері үшін күрескен батырларымыз бен қаһармандарымыздың санаты көп. Олардың ішінде өзінің батырлығымен, шешендігімен, билік айтып әділдігімен көзге түскен Сарыбай би Айдосұлының алатын да орны ерекше. Жас ұрпақ жадын жаңғыртып, оларды Отаны мен елін сүюге, болашақ үшін қадам басуға бағыттауда осындай тұлғалар есімін қайта жаңғыртып отыру ұлт үшін үлкен парыз, әрі міндет.

**Г.Е. ӘВІКЕНОВА,**  
ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.

## ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ КЕЗДЕСУ

**ZOOM платформасында филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры Гүлдархан Нұрғазықызы Смағұлованың 70 жылдық мерейтойына орай «Ғылымдағы ғұмыр» тақырыбында қазақ филологиясы мамандығы 2-курс студенттерінің ұйымдастыруымен кездесу өтті.**

Филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлдархан Нұрғазықызы Смағұлованың 70 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған кездесуге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен оқытушылары ZOOM платформасы арқылы қатынасты. Кездесу ғалым Гүлдархан Нұрғазықызының өмірі мен шығармашылығына арналып, «Балалық шағымның аспаны», «Алматыда қанат жайды ақ арман» және «Бүгінгі белестер» атты өмір белестерін қамтитын бөлімдерден тұрды. Әр бөлімде тағылымды сұрақтар, ойсалар суреттер, ерекше жағдаяттар беріліп кездесудің қызықты да тартымды өтуін қамтамасыз етті. ZOOM платформасында қатысушылар сыр мен сезімге толы кездесуден алған ерекше әсерін тоқтаусыз жазып, пікір білдіріп, алғыс айтумен болды.

Гүлдархан Нұрғазықызы өмірі мен шығармашылығына қатысты дерек-дәйектермен ой бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап беріп, қатысушылардың сұранысына орай ән айтып, өлең оқып студенттердің қошеметіне бөленді. Дәстүрлі әнші Ерлан Рысқали қатысып, ән орындап кештің ажарын



аша түсті. Кездесуге қатысқан Гүлдархан Нұрғазықызының әріптестері А. Аширова, С. Иманқұлова, Ж. Саткеновалар жылы лебіздерін білдіріп, мерейтой иесін құттықтады.

Осы бағыттағы танымдық кездесулердің қазіргі өскелең жастар үшін өте қажетті әрі пайдалы екеніне тағы бір мәрте көз жеткізгендей болдық.

**Кұралай МҰХАМАДИ,**  
ф.ғ.к., қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, куратор-эдвайзер

**Мінез – принцип бойынша әрекет етуге қабілеттілік. Адамның барлық қызметі мен қылықтарына із қалдырып, әсер ететін адамның жетекші психикалық қасиеттер жиынтығы ол – «мінез». Егер адамның мінез-құлқын жағдайлар тудыратын болса, демек, онда сол жағдайларды адамға тиімді етіп құру керек. Жеке адамдардың нақты «ойлары мен сезімдерін» қандай белгілері бойынша білуіміз керек? Мұндай белгінің жалғыз-ақ болуы мүмкін екені түсінікті, ол белгі осы жеке адамдардың қимылдары. Мінез-құлықты сөз жүзінде емес, іс жүзінде шыңдау арқылы іске асыруға болады.**

## МІНЕЗ – ЖАННЫҢ АЙНАСЫ

Ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» дейді. Өзгермейтін, түзелмейтін мінез болмайды. Сондықтан бір жарамсыз қылықты ақтап, аршып алу үшін мінездегі кемістікті сылтау ету тіпті бос сөз. Адам өз мінезіне өзі жауапты. Адам мінезі жастыққа жан бігіретін отта қайтып қалыпқа құйылады. Сондықтан да ол отты сөндірмей, одан қорықпай, жалынын тұншықтырмай, тек сол сәтте жастық жанына құйылатын материалдың жақсы сапада болуын қадағалау керек.

Байыптылық – мінездің негізі. Адамның мінез-құлқы айналасындағылардың пікірлерімен де шарттасып жатады. Осы арқылы адам өзін-өзі бағалай білуге үйренетін болады. Жанның ішкі дүниесі жүзімен танылады, ойдың бояуы болмайды деп ойлау жаңсақтық. Сыртқы сымбат ішкі тереңдікке сай болуы керек, сырт сымбатымен көзге түсу мақсатынан аулақ болған абзал.

Мінез-құлық – әркім өзінің кейпін көрсететін айна. Адамдық талпыныстардың биік мақсаты жоғары адамгершілік мінез болып табылады. Тәуір мінез білімнің аздығынан гөрі, жігердің жетіспеуінен

көбірек жапа шегеді. Мінез өмір дауылдарында шыңдалады. Берік тәртіп ұстанған адам – әрқашан да мінезден де құралақан қалады. Мінез дегеніміз моральдық әдеттердің жиынтығы. Сенім әдет болып қалыптасқанда ғана мінезге айналады. Тек ғана әдет арқылы адам өз мінезін қалыптастырып, ойы іске айналады. Осы тұрғыдан білім алушыларға ғұлама әл-Фараби айтқандай: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінезге байланысты» екенін біле жүрсе деген ойдамыз. Өз-өзіңді кісілік қасиеттермен сусындатып жүру ешқашан кеш емес. Қажырлы, әрі байыпты, әрі сабырлы адам мұратына жетеді. Өзіңді біле түскен сайын парасаттылығың арта түседі. Мінезі бірқалыпты адамдардың өмірі де жайма-шуақ болады. Жақсы мінез – бүкіл өміріңнің сарқылмас байлығы...

**М. МОЛДАБЕКОВА,**  
профессор

**М. АСЕМБАЕВА,**  
доцент, жылуфизика және техникалық физика кафедрасы



## ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

**Кез келген мектептен қанатын сермеп ұшқан балапан түлектің үлкен өмірге қадамы – болашақта өзі таңдаған мамандығының жүйрігін көре алатын, саласын таңдап, қалаған оқу орнының табалдырығын аттауымен басталары хақ.**

Буыны қатпаған, жанып тұрған баланың, оқуға деген ынтасымен ғылымға құштарлығын сөндіріп алмай, өсіретін жақсы оқу орны болып, білім аренасында қалу да қиын дүние. 87 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заманауи Қазақстанның көшбасындағы білім ордасы екендігі, жалпыға тайға таңба басқандай анық. Болашақтан жарқын үміт күткен барша жасөспірімдердің шырағын жағып, тіпті, Қазақстанға еңбегі сіңген жазушы Рымқұл Сүлейменов, аударматанушы және айтыскер ақын Балғынбек Имашев сынды, әрбір қазақ білетін ғылым және өнер майталмандарын күні бүгінге дейін 140 мыңдай өз ісінің шеберлерін кәсіби білім нәрімен сусындатқан білім ордасы.

Қуанышпен хабарлай өтетін жағдай, оқу-ағарту, ғылыми-зерттеу жұмыстары тұрғысынан, республикамыздағы нөмірі бірінші ғылым ордасы саналатын – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ағымдағы оқу жылынан бастап, адам жанына араша болатын, сыздаған жерін емдеп жазатын, ақ халатты абзал жандарды даярлайтын «Медицина және денсаулық сақтау факультеті» ашылып, тарихи оқу орнымыздың ғылыми аясы тағы да бір кеңейді.

Әрбір лапылдап жанып тұрған жастың жарқын болашағын жасауға, тарихи оқу орнын таңдауға шақырамын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері – еліміздің өркендеуіне сүбелі үлестерін қосқанын ескере отырып, қазіргі талапкер жастарға егеменді еліміздің даму жолында қанаттары талмай қызмет етуде толағай табыстар тілеймін. Шәкірттерге бағыт-бағдар көрсетуде, теориялық білімдерін практикалық тәжірибелермен ұштастырып, әр саланың қыры мен сырын үйреткен ұстаздардың еңбектерін атап өтуді жөн көрдім. Халқымыздың сүйікті ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңімен ойымды түйіндегім келеді. «Мен жастарға сенемін!»... Ұстаздар мен шәкірттердің жемісті еңбектеріне білім ордасының әрбір кірпіші куә, дәлел бола алады.

Сапалы білім алуға, білікті мамандар дайындауда, қажырлы еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына өз атымнан алғыс айтамын!

**С. СҮЙІНДІКОВА,**  
*1-курс магистранты*

**Л. ШАЙКЕНОВА,**  
*филология ғылымдарының докторы*

## Мәнерлеп оқу сайысы

**Талай таланттарды тудырған жер жәннаты – Жетісудың алтын бесігіне айналған киелі Қарасазда өмірге келіп, Шәлкөденің сары қымызына қанып, қысқа ғана ғұмырында тағдырдың тепкісіне түссе де Хантәңіріндей биік бола білген ғасыр ақынының туғанына биыл 90 жыл толып отыр.**

Осы мақсатта Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы жастарының арасында ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы болып, аудан жастары тарапынан ерекше белсенділік байқалды. Бала күнінен жалынды жырларын жанына жалау етіп, шығармаларын жарыса жаттап өскен ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің 3 курс студенті Толымбек Қазез де бұл іс-шарадан қалыс қалмады.

Қазіргі пандемия жағдайына байланысты бұл жарыс онлайн түрінде өтіп, қатысушылардың бірнеше минуттық бейнероликтері әлеуметтік желіге жүктеліп, оқырман тарапынан дауысқа салынды. Ақынның туған күніне орай Есік қаласында жарыс нәтижесі анықталып, жүлделі орындардың бірін иеленді. Бұндай іс-шаралар республикалық деңгейде де көптеп ұйымдастырылуда. Ендігі жерде Толымбек Қазез сияқты жастарға айтарым, қазіргі бос уақыттарыңызды зая кетірмей, еліміздің болашағы ретінде ұлт рухын көтеру үшін осындай ауқымды шараларға қатысып тұруға кеңес беремін. Мұқағали шығармаларын түсіне білген әр оқырманның алдынан отансүйгіштік те, өмір сүруге деген құлшыныс та, махаббаттың нәзік лирикалық иірімдері де көрініс табады. Мұқағали өлгенімен, ақынның асқақ рухты шығармалары қазақ деген халықпен бірге өмір сүріп ғана қоймай, сол халықтың мынау кең даласы оның жырларын мәңгілікке күңдірене айтып тұратыны анық.

**Г.Е. СӘБДЕНОВА,**  
*тарих, археология және этнология факультетінің доценті, т.ғ.к.*

**Үздіксіз білім алу мәселесі – осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, саяси және әлеуметтік экономикалық өзгерістердің әсерінен туындаған мәселе.**

## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА

«Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін нәрсе білім», – деп ұлы жазушымыз М. Әуезов айтқандай, республикамыздың басқа мемлекеттермен экономика, мәдениет, саясат жағынан тең дәрежеде тұрып, олармен бәсекеге түсе алуы адамдардың білімді де білікті болуын талап етеді.

Ғалымдардың «үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы» деген қағидасы қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Үздіксіз білім беру бұл үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес немесе бекітілген оқу мерзімімен және оқу орнының қабырғасымен шектелмейді, ол – адамға білімнің белгілі бір көлемін беруге, бағытталған білім түріне ауысу болып табылады. Тек жеке тұлғаға, субъектіге бағытталған білім ғана адамның жылдам өзгеріп жатқан қоғамдық және экономикалық өмір талаптарына сай жауап бере алуын қамтамасыз ете алады.

Докторлық білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленіп, пәндердің оқу жоспарлары, кәсіби бағдарламаларды (ғылыми, өндірістік және / немесе ғылыми-педагогикалық), тағылымдамаларды және жеке зерттеу бағдарламасын қамтиды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде осы жылдың 25 қаңтары мен 12 ақпаны аралығында ғылыми тағылымдамадан өткен болатынбыз.

Филология және әлем тілдері факультеті – жоғары білімді, кәсіби білікті мамандарды даярлайтын, өзіндік тарихы бар қара шаңырақ. Тағылымдама барысында қазақ тілі білімі, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедраларының негізгі ғылыми бағыттарымен танысып, тағылымдама жетекшілері, кафедра профессорлары ф.ғ.к., доцент Ж.Б. Саткенова, ф.ғ.д. проф. Р.А. Авакова, ф.ғ.д., проф. Н.Ж. Шаймерденова, ф.ғ.к., доцент Д.Б. Аманжолованың дәріс сабақтарына қатысып, тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша білімімізді шыңдай түстік.

Жуырда "Лингвoмaн клубы", "ТТТ клубы" мүшелерінің ұйымдастыруымен "Смарт білім беру: әдістемелер мен технологиялар" атты біліктілікті жетілдіру курсының онлайн-семинарларына қатыстық. Аталған семинар төмендегі бағыттар бойынша өткізілді: Тіл теориясы дамуының ХХ-ХХІ ғасырдағы негізгі бағыттары; Қазақ тілінің грамматикасы және оның жаңа лингвистикалық тұжырымдар аясында зерттелуі; Қазақ тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі; Қашықтықтан білім беру және онлайн оқыту технологиялары.

Семинарда ф.ғ.д., проф. Г.Н. Смағұлова, ф.ғ.д., проф. Д.А. Әлкебаева, ф.ғ.д., проф. А.Б.

Салқынбай, ф.ғ.д., проф. Р.А. Авакова, ф.ғ.к. Х.Ә. Қарабаева, ф.ғ.к. К.Қ. Күркебаев сынды ғалымдардан тіл білімі ғылымының негізгі бағыттары, тілді оқыту әдістемесі, оқытуда қолданылатын технологиялар тақырыптары бойынша дәрістер оқыды.

Бізге ерекше ұнағаны – құнды мұралар мекені Әл-Фараби кітапханасы. «Кітапхана – білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы. Кітаптың иісі мен тыныштық жайлаған кітапханалар – кітапсүйер қауымның сүйікті мекені» деп бекер айтылмаса керек. Білімге құштар барша жанның осындай рухани ортасының бірі де бірегейі – Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы кітапхана. Бұл ауқымды кітапхана әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу және ғылыми үдерістерін ақпараттық-кітапханалық қызметпен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі саналады. Кітапхананың өзіндік ерекшелігі – төрт қабаттан тұратын имаратындағы әр қабаттың «Әл-Фараби», «Ұлы дала», «Алаш», «Мәңгілік ел» атты арнайы атаулары бар. Бірінші қабатында әл-Фараби орталығы мен мұражайы, екіншісінде оқу залы, үшіншісінде электронды зал, ал төртінші қабатында заманауи үлгідегі 4 конференция залы орналасқан. Кітапханада оқырмандарға барлық жағдай жасалған, кітапхана заманауи талаптарға сай жабдықталған. Кітапханада ғылыми-зерттеу жұмысымызға қажетті әдебиеттермен танысып, теориялық материалдарды жинақтадық.

Филология және әлем тілдері факультеті профессорлық-оқытушылық құрамының терең мәнді, мазмұнды лекциялары білімімізге білім қосып, сол ғылымды қабылдауға деген танымдық белсенділігімізді арттырып, шығармашылық жұмысқа жетеледі. Ғалымдардың тіл ғылымының тылсым сырын, бай қазынасын берудегі шеберліктерін ерекше атап өткіміз келеді.

Докторант ретінде ғылым дәрежесінде тағы бір қадам алға жылжуда аталған тағылымдаманың орны ерекше. Ғылыми тағылымдамадан өтуімізге бірден бір себепкер болған – факультет деканы профессор Б.Ө. Жолдасбековаға, декан орынбасары PhD докторы А.М. Досановаға, қазақ тілі білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Ж.Б. Саткеноваға, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы К.О. Таттимбетоваға және университет басшылығына шын жүректен алғысымызды білдіреміз!

**Г.Ж. ИСКАКОВА,**  
**А.М. ЖИЕНАЛИНА,**

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, «Филология» білім беру бағдарламасының докторанттары*



**AI & Big Data кафедрасының базасында Адам Мицкевич атындағы университетінің профессоры Марек Кьюбиспен онлайн кездесу өткізіп, табиғи тілді өңдеу проблемалары бойынша бірлескен жұмысты талқылады**



# Дұрыс таңдау – болашаққа бағамы үлес



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздегі көпсалалы жоғары оқу орны болып табылады. Мемлекеттік аттестаттаудан бірінші болып өткен және барлық мамандықтар мен деңгейлерде білім беру қызметін жүзеге асыруға құқықты растаған Қазақстан Республикасы жоғары білім беру жүйесінің жетекші мекемесі.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы университеттердің жалпы рейтингісінің алды, ел тарихында тұңғыш рет «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығының лауреаты, Өнімдер мен қызметтер сапасы саласындағы жетістіктері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыйлығының лауреаты атанған.

Университет – Халықаралық Университеттер Ассоциациясының мүшесі және Еуразиялық Университеттер Ассоциациясының тең құрылтайшысы бола отырып, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің университеттері арасында бірінші болып Болон университетінің Ұлы хартиясына қол қойды, халықаралық сертификаттаудан сәтті өтті, сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ISO 9000: 2000 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі және әлемнің ірі сертификаттау орталықтары – IQNET Халықаралық сертификаттау жүйесінің сертификаттарын иеленген. Университеттің жоғары білімді мамандар даярлауға, әлемдік білім кеңістігіне одан әрі интеграциялануға, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға, оларды өндіріске енгізуге бағытталған орасан зор білімдік, ғылыми, рухани, білім беру, инновациялық және өндірістік әлеуеті бар.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – бұл сізге көптеген мамандықтарды ұсынатын тұтас оқу-ғылыми кешені деп айтсақ та артық емес. ҚазҰУ-дың көп деңгейлі білім беру жүйесіне мыналар

кіреді: жоғары базалық білім, яғни бакалавриат, жоғары мамандандырылған білім, магистратура және докторантура. ҚазҰУ-ға қабылдау мемлекеттік білім гранттары бойынша және келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Мамандарды даярлау 180-нен астам мамандық бойынша жүзеге асырылады. Университет қарамағында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары және технопарк бар; 2 мыңнан астам профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары және философия докторлары, 100-ден астам ірі академиялардың академиктері, 40-тан астам Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері, 40-қа жуық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және жеке сыйлықтарының лауреаттары және 40 жас ғалымдарға арналған сыйлықтардың лауреаттары, 47 мемлекеттік ғылыми стипендиясының стипендиаттары жұмыс істейді. ҚазҰУ құрамында колледж, біліктілікті арттыру институты, 67 мамандық бойынша

докторлық диссертацияларды қорғауға арналған 25 мамандандырылған диссертациялық кеңес кіреді, университетте 20 мыңнан астам студенттер, магистранттар мен докторлар дайындалады. Сонымен қатар, ғылыми инфрақұрылымға 11 орталық кіреді.

ҚазҰУ шетелдегі Қазақстанның оң имиджін жақсартуға белсенді үлес қосады. Университеттің белсенді қолдауымен шетелдік серіктес университеттерде орталықтар, кафедралар құрылуда. Сонымен қатар, онда қазақ тілі курстары ұйымдастырылған, студенттер қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, өнерімен, тұрмысымен танысады, олардың арасында Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті (Ресей) мен Адам Мицкевич университетін (Польша) атап өтсек болады.

Жалпы қазақстандық және де шетелдік мектеп бітіруші жас түлектердің арманы ол – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқып және де түрлі жарыстар мен үйірмелерге қатысып, университеттің

қабырғаларындағы студенттік өмірдің қызығына барынша ену болып табылады. Факультеттердің біреуіне тоқталып өтсек, Экономика және жоғары бизнес мектебі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ең алғашқы бөлімшелерінің бірі. Университеттің экономикалық факультеті 1949 жылы құрылған. 1951 жылы ҚазМУ-дің Ғылыми кеңесінің шешімімен бұрын екі дербес факультет біртұтас философиялық-экономикалық факультетке біріктірілді.

Университеттің экономика факультеті 1963 жылы оның Алматы халық шаруашылығы институты, яғни қазіргі Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті базасында ұйымдастырылуына байланысты сандық және сапалық жағынан едәуір өзгерістерге ұшырады. 1997 жылы маусымда факультет қайта құрылды. Экономика және құқық институты (ІЕР) негізінде – экономикалық және заңгерлік факультеттер ұйымдастырылды. 2001 жылдың қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен ХБП екі факультетке бөлінді: заң факультеті және экономика және жоғарғы бизнес факультеті. Сонымен, 2001-2002 оқу жылынан бастап факультеттің қазіргі жағдайы мен құрылымы қалыптасты. 2010 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен экономика және бизнес факультеті жоғары экономика және бизнес мектебі болып өзгертілді. Біздің таңдауымыз – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ!

**Ж.О. ТҰМБАЙ,**  
*ЭБЖМ-ның менеджмент кафедрасының доценті*

**А. АЛТАЙХАНОВА,**  
*мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 4-курс студенті*

**Бірнеше ондаған жылдар бойы ядролық энергия адамзатқа қызмет етті. Көптеген адамдар әлі күнге дейін ядролық индустрия тек атом электр станциялары, тау-кен және ядролық қару деп санайды. Шын мәнінде, мұның бәрі үлкен айсбергтің ұшы ғана.**

Қазіргі өмірді ядролық технологиясыз елестету мүмкін емес. Бұл бүкіл әлемнің ғалымдары Ғаламның пайда болу құпиясын шешетін бөлшектердің үдеткіштері, Арктиканы зерттейтін Атом мұзжарғыштары және жүздеген мың адам қатерлі ісік ауруынан аман қалды. Медицинада ядролық технологиялар өздерінің ең талғампаз қолданылуын тапты. Олардың көмегімен әртүрлі ауруларды диагностикалау мен емдеудің мүлдем жаңа әдістері пайда болды, бұл жаңа бағыттың – ядролық медицинаның пайда болуына әкелді. Ядролық медицина – элементар бөлшектер шығарумен ыдырайтын атомдардың радионуклидтерін-ядроларын жаппай пайдалану саласы. Оның қажеттіліктеріне бүкіл әлемде радионуклидтердің жылдық

өндірісінің 50%-дан астамы жұмсалады. Радионуклидтік диагностиканы пайдаланудың үлкен перспективаларын ескере отырып, клиникалық практикада бұрын кездеспеген, сондай-ақ мүлдем жаңа технологиялар мен радиоактивті қосылыстар сияқты зерттеу әдістерінің саны өсуде және кеңеюде. ҰЯЗУ МИФИ көптеген жылдар бойы ядролық медицина үшін мамандарды табысты даярлап келеді, ал таяуда талапкерлер құрамын айтарлықтай ұлғайтты және ядролық медицина бағдарламалар спектрін кеңейтті. Атап айтар болсақ; диагностиканың радиоизотопты әдістері, оның ішінде: бір фотонды эмиссиялық компьютерлік томография (БФЭКТ), позитронды-эмиссиялық томография (ПЭТ); радионуклидтерді пайдаланбайтын томографиялық әдістер: компьютерлік томография (КТ), магнитті-резонансты томография (МРТ); радионуклидтік және сәулелік терапия (ЛТ); радиофармпрепараттар өндіру технологиялары; сәулелік терапия изотоптарын өндіру үшін зарядталған

бөлшектердің үдеткіштерін пайдалану; томографияда бейнелерді алуға және сақтауға, сәулелік терапияны және өзге де есептеулерді жоспарлауға арналған компьютерлік технологиялар.

Осы тұста Ресей ғалымдарының көмегімен Қазақстан жастарын білім мен ғылымға баулу және де оларды тәжірибеден өткізіп, білікті мамандарды даярлау ҚазҰУ міндеттерінің бірі болып табылады. ҚазҰУ-дың негізгі талаптарының бірі – әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті бола алатын жастарды тәрбиелеу. Осы мақсатта шетелдік озық оқу орындарынан тәжірибеден өткізу арқылы бірнеше түлектерді дайындап шықты. Десек те ҚазҰУ тәжірибе емес, шетелдік диплом иегері атану мәртебесін де қолжетімді етіп жастарға мол мүмкіндік сыйлаған. Мысалы, жоғарыда атап кеткен Мәскеу Инженерлік Физикалық Институтына ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің ядролық физика мамандығы магистранттары қос диплом бағдарламасымен жылда жөнелтіледі. Магистранттар жоғарыда

көрсетілген бағыттар бойынша оқиды. Бұл бастама 2019 жылы үлкен жаңалық болып есептелді. Алайда әлемдік ауыр дерт пандемия әлегімен біраз жастар осы тәжірибеден өте алмай тырнақ тістеп қалғаны бар. Заманмен қатар технологиялар да өзгеру есебінен онлайн форматқа көшіріліп магистранттар дәрісті толықтай онлайн өтті. Мүмкіндік болса қос диплом бағдарламасы аясында көптеген шаралар қолданылып дамиды деп сенеміз.

Ядролық медицинаның әлемдік бірлестікпен қоса дамыту жас ғалымдарға және осылайша көпір сынды болған жас мамандардың арқасында аға буын өкілдері де бірлесе жұмыс атқарады. Бастысы жастарға туындаған мүмкін елдің болашағына деген үлкен үміттер сыйлайды.

**Ш.Б. УТЕЙ,**  
*ТЯФК оқытушысы, PhD докторант*


**О.А. КАЛИКУЛОВ,**  
*ТЯФК аға оқытушысы, PhD, доцент м.а.*

**ҚазҰУ-да көрнекті ғалым, ҚазССР ҒА және ҚР ҰҒА академигі  
Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтың 90 жылдық мерейтойы аталып өтеді**



## МҰҚАҒАЛИ АПТАЛЫҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің бейіндік мектеп ұжымы «Ғасыр ақыны» атанған қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойының аясында «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби-сазды апталық кеш өткізді.



мен құрметтеу, бағалау мен пайымдау сияқты ізгілік пен парасаттылыққа толы адами құндылықтарды бойына сіңіргені олардың жазған эсселерінен, шығарған қабырға газеттерінен, оқыған өлеңдерінен, драмалық қойылымдағы актерлік шеберліктерінен айқын байқалып тұрды.

Әдеби-сазды поэзиялық бұл кештің нүктесін филология факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасы оқытушылары мен мектеп директоры Ботагөз Кулжанова бастаған әділқазылар алқасы қойды. Жыр мұшайрасының 3 орнын 10-сынып оқушысы Ускенбаев Мағжан иелік етсе, 2 орынды 9-сынып оқушысы Сүнбек Сымбат қанжығасына байлады. Ал бас жүлдемен 10-сынып оқушысы Абдрасилова Гүлім марапатталды.

Кеш соңында сөз алған ұлағатты ұстаздар қауымы да заңғар биік тау мінезді Мұқағали поэзиясын шынайы тебіреністен, шынайы шабыттан, шынайы күйзеліс пен қуаныштан, еліне деген, жеріне деген, халқына деген ұлы махаббат пен сүйіспеншіліктен, ізгілік пен сағыныштан тұратын өз өмірінің күнделігі сияқты жауһар дүниелер екенін алға тартты.

Ойымызды түйіндей айтқанда, Мұқағали Мақатаевтың шыншыл да сыршыл ғаламат жырлары қазақтың сайын даласын әнге тербетіп, қазақ халқының жүрегінде мәңгі қала бермек.

**Ж.Б. САТКЕНОВА,**  
Қазақ тілі білімі  
кафедрасының меңгерушісі

**К.К. КҮРКЕБАЕВ,**  
Қазақ тілі білімі  
кафедрасының аға оқытушысы

ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында «Биомедицина» мамандығының 2-курс студенттерімен бірге «Дұрыс тамақтану» тақырыбында кураторлық ашық сағат өтті. Іс-шараға кафедралық оқытушылары қатысты. Шараның мақсаты дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылатынын түсіндіру болатын.

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.

Қазіргі жағдайларда тамақтану мәселесі бірқатар себептерге байланысты бірінші орынға шықты, атап айтсақ: экологиялық ортаның бұзылуы, организмге қажет компоненттердің жеткіліксіз түсуі, дұрыс тамақтанбау, сапасы төмен азықтар және т.б. Экология нашарлайды, ал соның нәтижесінде біздің денсаулығымыз бен күшіміз толық жойылады. Организмнің көбінесе, ондағы пайда болатын және оған тамақпен, сумен, ауамен және дәрі-дәрмек заттарымен баратын зиянды заттарды шығаруды қамтамасыз етуге күші жеткіліксіз. Сау адам жейтін асына жиі зейінсіз қарайды. Ал ауырса, күнделікті жарнама беттерінен түспейтін ең жаңа препараттарды іздей бастайды, сонымен, тамақ сияқты сенімді және тұрақты емдеу құралы туралы ұмытады. Ал, Гиппократтың өзі былай деген: «Біздің барлық емдеу құралдарымыз азық-түлік заттары болуы керек, ал азық-түлік заттары емдік заттар болуы керек».

Тамақтану адамның өмірлік қажеттігі және денсаулық кепілі. Ас – адамның

арқауы, ағза дене жүктемесінде ғана емес, тыныштық жағдайында да шығындайтын қуат көзі. Ас ішу біздің жасушаларымыз бен тіндерімізді жаңартуға мүмкіндік береді. Дұрыс тамақтану жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек жолдары, қант диабеті, остеопороз, онкологиялық аурулардың алдын алу үшін, сыртқы орта әсеріне қарсы тұру үшін, ағзаның жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., профессор А.М. Кустубаева, оқытушы, б.ғ.к., доцент Н.Т. Аблайханова, аға оқытушы Г. Атанбаева сөз сөйлеп, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, адамға денсаулық бір-ақ рет беріледі, ал сіздің денсаулығыңыз – өзіңіздің қолыңызда. Әр адамның мәнді де сәнді өмір сүруі үшін денсаулықтың әсері ұшан-теңіз екен. Сондықтан да өмірдегі ең жарқын жастық шағымызда деніміздің саулығына бүгіннен бастап қамқор болайық. Оқытушылар қауымы студенттерге алғысын айтып, сәттілік тіледі.

**Н.Т. АБЛАЙХАНОВА,**  
б.ғ.к., доцент,  
Хронобиология орталығы

**Н.М. СЕЙДАЛИЕВА,**  
биофизика, биомедицина және  
нейроғылымдар кафедрасының  
оқытушысы

## Арманым сенемін!

«Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дейді дана халық. Менің арманым өте көп, әне сол көп армандарымның бірі және бірегейі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атану.

Себебі бұл алтын бесік білім ордасынан кімдер түлеп ұшпады дейсіз?! Қазақтың сорпа бетіне шығар ұлдары мен қыздарының басым бөлігі осы шаңырақтың шәкірті. Олардың бәрі осы ортадан қанаттарын қатайтып биікке самғады. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде өз үлестерін қосуда.

Ал мен күні кеше ғана Қытай Халық Республикасында ата мекенімді аңсап арман еткен жеткіншектердің бірі едім. Бүгінде сол арманым орындалып, туған елімде тұрып жатырмын. Қазіргі асқақ арманым білімді шыңдай түсуде. Жалықпай оқып, ізденіп дүбірлі додада топ жару. Сол арқылы өзім арман еткен

алтын ұяның тәлімгері атану.

Ия, бұл менің қолымнан келеді. Оқу-біліммен қаруланып, заман ағымына сай дамып келе жатқан елімнің ертеңінде менің де өз орным хәм борыштарым бар. Сол міндет борыштарыма жетелеп апаратын бағыт-бағдар беретін алтын адам асыға күт мені.

Мен арманым сенемін....

**Данагүл СЕРІК,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық  
кафедрасының тыңдаушысы

**М.Н. ИБРАГИМОВА,**  
жетекшісі



### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА,  
Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.